

**Ф. Айыпбаев, 1-курс**  
**Ғылыми жетекші: К. Охан, әскери және арнайы-тактикалық даярлық**  
**кафедрасының оқытушысы**  
**(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды**  
**академиясы)**

## ТІРШІЛІК ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЙЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Өмір қауіпсіздігі негіздері ережелерінің мақсаты: өмір сүрудің қауіпсіз және қатерсіз жағдайын құру үшін; жүйенің қызмет көрсету объектісін ескеріп, жаңа техника мен технология үрдістерін қазіргі заманғы экологиялық талаптарға сай жоспарлау; тұрғындар мен өндіріс қызметкерлік, ауылшаруашылық объектісін төтенше жағдай кезінде апаттар, стихиялық қатерлер және оларды залалсыздандыру кезіндегі жоспарлау мен сауатты шешім қабылдау үшін қажет. «Өмір қауіпсіздігі» — адамның төтенше жағдай кезіндегі өмір сүру ортасы мен қауіпсіз қарым-қатынасының, шаруашылық объектілерінің тұрақты жұмыс істеу әдістерін, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды ескерту мен салдарын жою және осы заманғы зақымдау құралдарының қолданылуы мәселелерін зерттейді. Бұл жұмыста мынадай мәселелердің жай-күйі мен жағымсыз факторлары қаралады: тіршілік ортасының жай-күйі мен жағымсыз факторлары - адамның тіршілік ортасымен қарым-қатынасының қауіпсіздігін қамсыздандыру принциптері, физиология негіздері және оның қызметінің қолайлы жағдайлары; жарақаттаушы, залалды және зақымдағыш факторлардың адамға әсерінің анатомиялық-физиологиялық факторлары, оларды біргеелестіру принциптері, техникалық құралдар мен техникалық процестердің қауіпсіздігін арттыру; шаруашылық объектілерінің төтенше жағдайдағы жұмыс істеу тұрақтылығын зерттеу әдістері; төтенше жағдайлар мен оның салдарын болжау; төтенше жағдайда халық пен шаруашылық объектілерінің өндірістік қызметкерлерін қорғау және төтенше жағдайлар салдарын жою жөніндегі шараларды әзірлеу; тіршілік қауіпсіздігінің нормативтік-техникалық және ұйымдық негіздері. Өмірден қымбат еш нәрсе жоқ, өйткені өмірде бәрі бар. Қазіргі заманда өмір ең қымбат байлық болып келеді. Адамның ең негізгі мақсаты ол - өмірді сақтап қалу, өйткені ол құнсыз. Адам осы өмірдегі өмір сүру мағынасын іздейді, жоспар құрайды, сол жоспарларды іске асыру үшін жасайды және үйренеді. Көбінесе жағдайлар да өз өмірін сақтап қалу және өз жақындарының өмірін сақтап қалу үшін қарапайым ережелерді білуіне байланысты болады. Мысалы: алғашқы медициналық көмек төтенше жағдайлар кезінде. Өмір қауіпсіздік негіздерін әрқайсысы білу керек және де әрқайсысы түсініп отыру керек, өз уақытында бәрін дұрыс жасауын біздің денсаулығымызға және өзіміздің өмірімізге, балаларымызға қаншалықты маңызды екенін білу керек. Қай жерде сіз болсаңыз, жалғыз, достарымен, отбасымен, жолда жұмысқа бара жатқанда, демалыста немесе үйде, әрқашанда есіңізде сақтаңыз, өмірде көптеген жағдайлар болады. Олар әдеттегідей әртүрлі жағдайларға әкеліп соқтырады. Сол себептен бұны білу және оны дұрыс қолдану біздің міндетіміз. Егер өрт қатты жанып тұрса, онда сіздің негізгі мақсатыңыз тез үйден кету. Егер де қатты жанып тұрмаса да, бірақ үйдің іші қатты түтін болса, үйден тез ғана кету керек. Түтін өрттен де қауіпті болады. Сіздің әрекетіңіз: 1. Түтіннің иsін сезгеннен кейін үйден тез кетіңіз. Кез келген шүберекті сулап ауызыңызбен мұрынды жабыңыз сосын енкейіп (өйткені түтін жоғарыға ұмтылады) бөлмеден кетіңіз. 2. Егер өрт кішкентай бөлмеде болса, онда есіктер мен терезелерді ашпаңыз, ауа өртті күшейтіп жібереді. 3. Жанып жатқан үйден лифтпен

түспеніз, өйткені ол қатты өрт болып жатқан қабатта тоқтап ашылу мүмкін және содан бәрі жаракат алады. Ток кез келген уақытта сөніп қалу мүмкін және лифт этаждардың арасында қалу мүмкін. 4. Егер коридор және площадка өртте және түтінде (төмен түсуге жол жабық) болса, онда шатырға көтеріліңіз. 5. Егер өрт қатты коридорда жанып тұрса, есікті қатты жауып, сұйық шүберектермен шельдарды жауып, есікке көрпе немесе пальто іліңіз. Терезені ашып қатты дауыс беріп көмекке шақырыңыз. 6. Егер сізге біреуді өрттен құтқару керек болса, онда өзінді арқанмен орап бір шетін далада тұрған адамға беріңіз. Егер сіз есіңізді жоғалтсаңыз, онда сізді арқаннан тартып өрттен алып шыға алады. Ауызымен мұрынды ылғал шүберекпен жабыңыз. 7. Егер құтқарған адам түтінмен демалып санасын жоғалтса, онда оған жасанды дем беріңіз. Түтінмен уланудың алғашқы белгілері: бастың айналуы, бас ауыруы, жиі дем алу, жүрек айнуы, сананы жоғалту. Жұмыстың негізгі мақсаты — төмендегі мақсаттарды шешу үшін қажетті теориялық білімдер, практикалық іс-әрекеттер көлемін халықтың игеруіне жәрдемдесу: - еңбек қызметі мен адам демалысы аймағында қалыпты жағдай жасау; - адам мен оның өмір сүру ортасын залалды әсерлерден қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу және оны іске асыру; - техниканы, технологиялық процестер мен шаруашылық объектілерін қауіпсіздік және экологиялық тәртіптеріне сәйкес пайдалану; - шаруашылық объектілері мен техникалық жүйелердің қалыпты жағдайы мен төтенше жағдайдағы жұмыс істеу тұрақтылығы; - төтенше жағдай салдарын болжау және бағалау; - халықты, өндіріс қызметкерлерін, авария, апат, зілзала салдарынан, сондай-ақ осы заманғы зақымдау құралдарының қолданылуынан қорғау жөніндегі шешімдерді және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау. Адамдар төтенше жағдайлар бола қалған жағдайда өздерін қалай төнген қауіптен құтқару керек және қандай шаралар қолдану керек екені осы жұмыста келтірілген. Әрине адамдар осы ережелер мен ескертулерді сақтап жүрсе, алдын ала ондай жағдайларды болдырмау қамын ойлап жүрсе бұндай жағдайлар өмірімізде аз кездесер еді.